

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Кіші топ балаларын мамандықтармен таныстыруда ойын технологиясын қолдану

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.01.2026СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/186341/>**Сулейменова Гүлвира Дулатқызы***Қостанай қаласы, №16 бөбекжай-бақшасы, тәрбиеші*

Кіші топта мамандықтармен таныстыру барысында ойын технологиясын қолдану - баланың адал азамат болуына негіз болатын құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді; рөлдік ойын арқылы адал еңбек, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық қасиеттерін дамытады; «Адал азамат» бағдарламасымен табиғи үйлеседі және мазмұнды толықтырады.

Неге ойын технологиясы тиімді? Кіші топ тәрбиеленушілері ақпаратты ойын арқылы тез қабылдайды. Ойын технологиясы — баланың табиғи әрекетіне сәйкес келеді; белсенділік, қызығушылық туғызады; көрнекілік пен әрекет арқылы есте сақтауды жеңілдетеді; сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын дамытады; әлеуметтік рөлдерді модельдеуге мүмкіндік береді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие - балабақшадан бастап балаларға адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, құрмет, шынайылық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған бағдарлама. Кіші топ тәрбиеленушілерін мамандықтармен таныстыру барысында ойын технологиясын қолдану осы құндылықтарды тиімді сіңіруге мүмкіндік береді.

Мамандықтар - балаларға еңбек пен адалдықтың алғашқы түсінігін беретін ең қолайлы оқу материалы. Ойын - осы түсініктерді жеңіл әрі қызықты түрде жеткізетін құрал.

Ойын барысында бала: маман еңбегін құрметтеуді үйренеді; тапсырманы жауапкершілікпен орындауға талпынады; шынайы әрекет арқылы адалдықтың мәнін сезінеді;

бір-біріне көмектесуді үйренеді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының

ішінде

«Еңбегі адал — жас өрен» жобасы қолданылды. Мақсаты: балалардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Мамандықтар арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру жүзеге асты. 1) Адалдық

Рөлдік ойындарда:

«Дәрігер» рөлін ойнағанда — науқасты «дұрыс емдеу», алдамау; «Дүкенде» — “ақшаны дұрыс санау”, “тауарды дұрыс беру”; «Құрылысшыда» — “үйді мықтап құрастыру”.

Балаларға түсіндіру: «Әр маман өз жұмысын адал жасаса ғана адамдар оған сенеді».

2) Еңбекқорлық

Мамандықтардың барлығы еңбекті қажет етеді. Ойын барысында: тапсырманы соңына дейін орындау, «жұмысқа уақытында келу», өз рөлін қалдырмай ойнау — еңбекқорлыққа баулиды.

3) Жауапкершілік

Рөлдік ойын кезінде әр бала өз рөлін атқарады: дәрігер — тексеру жасайды; аспаз — тамақ дайындайды; жүргізуші — жолаушыларды жеткізеді.

Тәрбиеші түсіндірме береді: «Әр маман өз жұмысына жауапты болады. Сен өз рөліңді жауапкершілікпен орындадың ба?»

4) Құрмет

Балаларды әр мамандықтың адамға пайдасын көруге үйрету: «Өрт сөндіруші адамдарды құтқарады», «Дәрігер адамдарды емдейді», «Аспаз дәмді тамақ дайындайды»

Балалар мамандықтарға құрметпен қарауды үйренеді — бұл «Адал азамат» бағдарламасының негізгі құндылықтарының бірі.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.